

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпандағы N 132 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 5 ақпандағы N 107 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 91 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.02.2015 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақы алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпандағы N 132 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 6, 63-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақы алу ережесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2009 жылғы	5 ақпандағы
N 107	қаулысына
қосымша	
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2003 жылғы	5 ақпандағы
N 132	қаулысымен
бекітілген	

Жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақы алу ережесі

1. Осы Жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақы алу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді.

Ереже жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақы алу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Инвестициялық кірістен (шығыннан) комиссиялық сыйақы есепті айдың ішінде күн сайын есептеледі әрі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен айқындалатын зейнетақы активтерінің тиісті күнгі шартты бірлігі құнының есебіне енгізіледі.

Зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы есепті ай ішінде әр күн үшін теңдей сомамен есептеледі және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен айқындалатын зейнетақы активтерінің тиісті күнгі шартты бірлігі құнының есебіне енгізіледі. Бұл ретте, зейнетақы активтерінің мөлшері жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфеліндегі есепті айдың бірінші күнінің басындағы қаржы құралдарының сатып алу не нарықтық құнының ең аз мәні бойынша айқындалады.

3. Есепті айға инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы жинақтаушы зейнетақы қоры инвестициялық кірісті нақты алған жағдайда және есепті айды қоса алғанда, қызмет басталғаннан бергі кезеңде есептелген комиссиялық сыйақы бойынша дебиторлық берешек болмаған жағдайда, инвестициялық шоттан жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті ағымдағы шотына а у д а р ы л а д ы .

4. Есепті айдағы, осы Ереженің 2-тармағына сәйкес есептелген комиссиялық сыйақы сомасы жинақтаушы зейнетақы қорының ағымдағы шотына есепті айдан кейінгі айдың алтыншы жұмыс күнінен кешіктірмей аударылуға тиіс. Аудару кастодиан банктің, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның және жинақтаушы зейнетақы қорының не зейнетақы активтерін өздігінен инвестициялауды жүзеге асыру кезінде кастодиан банк пен жинақтаушы зейнетақы қорының уәкілетті өкілдері қол қойған салыстырып тексеру актісінің негізінде жүргізіледі.

5. Жинақтаушы зейнетақы қоры таратылған не қайта ұйымдастырылған жағдайда зейнетақы активтерін бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына

берген кезде зейнетақы активтерін беруші жинақтаушы зейнетақы қоры теріс комиссиялық сыйақының есептелген сомасының мөлшерін берешек сомасын өзінің меншікті қаражаты есебінен зейнетақы активтерінің есебіне аудару арқылы өтейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК